

«Бекітемін:»

ЖШС «Nursultan 7 ясли -сад» балабақшасының
меңгерушісі А.Т.Тажиданова

« 02 » 09 2024 ж.



**ЖШС «Nursultan 7 ясли -сад» балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 оқу жылының
жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің I - отырысы: Кеңес құрамын бекіту, жұмыс жоспарын бекіту, әдеп қағидаларын таныстыру	Қыркүйек
2	Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы
3	Баяндама: «Педагогикалық әдеп және педагог мәдениеті»	Қыркүйек
4	Кеңес: «Педагогтің кәсіби имиджі және қарым-қатынас мәдениеті»	Қараша
5	Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына мониторинг жүргізу	Жыл бойы
6	Дөңгелек үстел: «Педагогтің қызметтік этикасы және жауапкершілігі»	Желтоқсан
7	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің II отырысы	Қаңтар
8	Кеңес: «Педагогтің ата-аналармен тиімді қарым-қатынасы»	Ақпан
9	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің III отырысы	Наурыз
10	Семинар-практикум: «Педагогикалық әдеп және кәсіби құзыреттілік»	Сәуір
11	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің IV отырысы. Жұмысты қорытындылау	Мамыр

**«Педагогикалық әдеп Кеңесін
құру туралы»**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 34-1 тармағына сәйкес «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 3- тармағына және 16- бабының 1-тармағы және 2020 жылғы 11 мамырдағы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің №190 және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 09.09.2020 жылғы № 562 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылында төмендегі құрамда Педагогикалық әдеп Кеңесі құрылсын:

Кеңес төрағасы : Қалиева З.Е.

Мүшелері: Жұлдыз тобының тәрбиешісі – Ақтілеу Қ.Н.

Бәйтерек тобының тәрбиешісі – Қалилаева А.Н.

Балбұлақ тобының тәрбиешісі – Оңдаш А.Қ.

Қонжық тобының тәрбиешісі – Муканғалиева а.А.

Музыка жетекшісі – Құттымұрат А.Т.

Қонжық тобының тәрбиешісі – Қыстанова А.Р.

2. 2024-2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп Кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы « Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» № 190 бұйрығы және Педагогикалық Кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізге алынсын.

4. Педагогикалық әдеп Кеңесінің хатшысына күншуақ тобының тәрбиешісі К.Е. Сексенбаева тағайындалсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі

А.Т.Тажиданова



ЖШС «Nursultan 7 ясли -сад» балабақшасы
2024-2025 оқу жылы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің I – отырысы
Хаттама №1

Өткізілген күні: 09.09.2024 ж.

Қатысты: 25

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын құру және бекіту.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу

Отырыстың барысы:

ЖШС «Nursultan 7 ясли -сад» балабақшасының тәрбиешісі Қалиева З.Е.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы негізінде бөбекжай-балабақша жанынан 2023 жылғы 31 тамызда педагогикалық кеңес отырысында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы бекітілгенін және осы оқу жылында да осы құрамда жұмыс жасалатынын айтты.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Қалиева З.Қ. кеңес мүшелерімен бірге Педагогикалық әдеп қағидаларын қайта атап өтті: «Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі -Педагогикалық әдеп) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) Адалдық;

- 2) Әділдік;
- 3) жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу;
- 4) патриотизм;
- 5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік;
- 6) кәсіби ынтымақтастық;
- 7) үздіксіз кәсіби даму».

Әр қағидатына сипаттама берді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын талқылай отырып, кеңестің негізгі міндеттерін атады:

«Кеңестің негізгі міндеттері:

1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;

2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;

3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;

4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады».

Ары қарай Кеңестің жұмысын ұйымдастырудың негізгі ережелерін туралы айтты.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Қалиева З.Е. кеңестің жұмыс жоспарын құруды ұсынды. Кеңес мүшелері арасында жұмыс жоспары талқыланып, құрылды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Қалиева З.Е. кеңес мүшелерін бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Шешім:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес келесі құрамда жұмыс жасасын:

Қалиева З.Е. – төрағасы

Мүшелері: Ақтөлеу Қ.Н.


Қалилаева А.Н.

Ондаш А.



Құттымұрат А.Т.
Муанғалиева А.А.
Қыстанова А.Р.





Хатшы: Сексенбаева К.Е.

2. Жұмыс барысында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары басшылыққа алынсын
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін
4. Жұмыс жоспарында көрсетілген шаралар уақытылы жүргізілсін.

Кеңестің төрағасы:



Қалиева З.Е.

Хатшы:



Сексенбаева К.Е.

ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» балабақшасы

2024-2025 оқу жылы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің II – отырысы

Хаттама №2

Өткізілген күні: 14.01.2025 ж.

Қатысты: 25

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібі:

1. «Педагогтің ата – аналарымен тиімді қарым -қатынасы».
2. Ата -аналармен жұмыс барысында педагогикалық ідеп нормаларын сақтау мәселесі.
3. Әртүрлі мәселелер.

Отырыстың барысы:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Қалиева З.Е. баяндама жасап, педагог пен ата – ана арасындағы тиімді қарым -қатынастың бала тәрбиесіндегі мағыздылығына тоқталды. Баяндама барысында ата -аналармен өзара сыйластыққа негізделген серіктестік қарым -қатынас орнату, ата-аналардың пікірін тыңдау және кері байланыс орнату жолдары қарастырылды.

Екінші мәселе бойынша педагогтердің ата-аналарымен жұмыс кезінде ідептілік нормаларын сақтау, жанжалдық жағдайлардың алдын алу және оларды мәдениетті түрде шешу жолдары талқыланды.

Балабақша меңгерушісі А.Т.Тажиданова сөз сөйлеп, ата - аналармен тұрақты байланыс орнатудың мағыздылығын атап өтті. Ата -аналар жиналыстары, жеке кеңестер және күнделікті қарым -қатынас барысында педагогикалық әдептің сақталуы балабақша мен отбасы арасындағы сенімді нығайтатынын айтты.


Балабақша тәрбиешісі А.Қ.Ондаш өз тәжірибесімен бөлісіп, ата-аналармен ашық әрі сыпайы қарым -қатынас жасау баланың дамуына оң әсер ететінін жеткізді.

Шешім:

1. Ата - аналармен жұмыс барысында педагогикалық әдеп қағидалары қатаң сақталсын.
2. Ата - аналарға психологиялық – педагогикалық кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Ата – аналармен серіктестік қарым -қатынасты нығайту мақсатында түрлі іс – шаралар ұйымдастырылсын.
4. Қабылданған қаулының орындалуы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің бақылауында болсын.

Кеңестің төрағасы:

Хатшы:




Қалиева З.Е.

Сексенбаева К.Е.

ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» балабақшасы
2024-2025 оқу жылы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің III – отырысы
Хаттама №3

Өткізілген күні: 22.05.2025 ж.

Қатысты: 25

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібі:

1. «Педагогикалық әдеп және кәсіби құзыреттілік» тақырыбында баяндама
2. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары.
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі 2024-2025 оқу жылындағы жұмысын қортындылау.

Отырыстың барысы:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Қалиева З.Е. «Педагогикалық әдеп және кәсіби құзыреттілік» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада педагогтің кәсіби құзыреттілігі оның білім деңгейімен ғана емес, сонымен қатар педагогикалық әдеп нормаларын сақтауымен, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен дұрыс қарым – қатынас орната білуімен анықталатыны айтылды. Педагогикалық қызмет барысында кәсіби шеберлікті жетілдіру, өз білімін үнемі толықтыру және заманауи білім беру технологияларын пайдалану мәселелері қарастырылды.

Кеңес барысында тәрбиешілер сөз сөйледі. Амандосова К.А. сөз алып, педагогтың кәсіби құзыреттілігі білім беру сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін атап өтті. Педагог әрдайым ізденісте болып, кәсіби деңгейін көтеріп отыруы қажеттігін айтты.

Қалилаева А.Н. өз сөзінде педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал ететінін және тәрбиеленушілерге үлгі болудың маңызды екенін жеткізді.

Кеңес мүшелері оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға талдау жасап, педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы бойынша жүргізілген іс – шараның нәтижелерін талқылады.

Шешім:

1. Педагогтердің кәсіби құзреттілігін арттару бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
2. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
3. Оқу жылы ішінде өткізілген іс – шаралар қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесің 2024-2025 оқу жылындағы жұмысы қорытындылансын.
5. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар әзірленсін.

Кеңестің төрағасы:

Хатшы:




Қалиева З.Е.

Сексенбаева К.Е.

ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» балабақшасы
2024-2025 оқу жылы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің IV – отырысы
Хаттама №4

Өткізілген күні: 26.08.2025 ж.

Қатысты: 25

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 оқу жылындағы жұмысын қорытындылау.
2. Педагогикалық әдеп қағидаларының сақтау деңгейін талдау.
3. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстарды қарастыру.

Отырыстың барысы:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Қалиева З.Е. сөз алып, 2024-2025 оқу жылы ішінде педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

Оқу жылы барысында кеңестің жкмыс жоспарына сәйкес төрт отырыс өткізілгені, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгені, педагогтерге арналған кеңестер, баяндамалар және дөңгелек үстелдер ұйымдастырылғаны айтылды. Санымен қатар педагогтердің тәрбиеленушілермен, ата -аналармен және әріптестермен қарым -қатынасындағы педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуына бақылау жүргізілгені атап өтілді.

Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады.

Шешім:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша жұмыстар алдағы оқу жылында да жалғастырылсын.

3. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен құзіреттілігін арттыруға бағытталған іс – шаралар ұйымдастырылсын.
4. Ата – аналармен және әріптестермен өзара қарым -қатынаста педагогикалық әдеп нормаларын сақтау тұрақты бақылауда болсын.
5. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірлену тапсырылсын.

Кеңестің төрағасы:

Хатшы:

Калиева
Сексенбаева

Қалиева З.Е.

Сексенбаева К.Е.